

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ҚАЛАЛЫҚ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖОҒАРЫ
ДЕҢГЕЙЛІ ТОПЫРАҚ СУЛАРЫ БАР
АЙМАҚТАРДА ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН
САЛУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ И СТРОИТЕЛЬСТВО
ГОРОДСКИХ ТЕПЛОВЫХ СЕТЕЙ В ЗОНАХ С
ВЫСОКИМ УРОВНЕМ ГРУНТОВЫХ ВОД**

ҚР ЕЖ 4.02-109-2014
СП РК 4.02-109-2014

Ресмибасылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикаминистрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттықэкономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы «29» желтоқсан №156 бұйрығымен

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно–коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан №156 от «29» декабря 2014 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
5 ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	4
5.1 Жылу желілерін тарту тәсілдері және оларды қолдану жағдайлары	4
5.2 Жартылай тереңдетілген каналдарда жылу желілерін жобалау және құрылысын салу ережелері	8
5.3 Ілеспе құрғатқышы бар жылу желілерін жобалау және тарту ережелері.....	11
6 САПАНЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАП АЛУ ШАРАЛАРЫ	17
7 ЖҰМЫСТАРДЫ АТҚАРУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ШАРАЛАР	19
БИБЛИОГРАФИЯ.....	21

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы қалалық сумен жылыту желілерін жобалау мен құрылысын салу бойынша қолданыстағы құрылыстық ережелерді жетілдіру және толықтыру мақсатында әзірленген.

Ережелер елді мекендердің жылу желілерін есептеу, жобалау және құрылысын салу бойынша қолданыстағы құрылыстық нормалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін бағытталған.

Осы ережелер топырақ суларының деңгейі биік орналасқан аймақтарда қалалық жылу желілерін жобалау және құрылысын салу үдерістерінің техникалық параметрлерін және қолайлы шешімдерін белгілейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЛАЛЫҚ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ТОПЫРАҚ СУЛАРЫ БАР
АЙМАҚТАРДА ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ И СТРОИТЕЛЬСТВО ГОРОДСКИХ ТЕПЛОВЫХ СЕТЕЙ В
ЗОНАХ С ВЫСОКИМ УРОВНЕМ ГРУНТОВЫХ ВОД

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді жетілдіру және нақтылау аясында әзірленген. Бұл ережелер жинағы ҚНЖЕ 3.05.03-85 және ХҚН 4.02-02-2004 ережелерін жетілдіру мақсатымен әзірленді.

Бұл ережелер топырақ суларының деңгейі биік орналасқан аймақтарда орналастырылатын, жылу тасымалдаушысының температурасы 150° С-тан аспайтындай жылу желілерін жобалау және құрылысын салу үдерістерінің техникалық параметрлерін және қолайлы шешімдерін белгілейді.

1.2 Бұл ережелер мыналарды қамтымайды:

- индустриялық жолмен өндірілген көбікполиуретан оқшаулаулы болат құбырларды каналсыз тартылған жылу желілерін;

- өңделетін аумақтарда, сейсмикалық аудандарда және жуылып-шайылған, ісінетін, тұзды, көпіршитін, шөгінді, тоң және биогенді топырақтардан және тұнған лайлардан құралған алаңдарда орналастырылатын жылу желілерін.

1.3 Осы құжатпен реттелмейтін ережелер, бірақ қалалық жылу желілерінің қауіпсіздігін, герметикалығын, сенімділігін және ұзақ мерзімге төзімділігін қамтамасыз етуге қажетті қағидалар басқа қолданыстағы нормативтік құжаттармен немесе арнайы техникалық жағдайлармен реттелу керек.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережелерді қолдану үшін, келесі сілтемелі нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы №49 қаулысымен бекітілген «Бу және ыстық су құбыр желілерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ЕЖ 4.02-109-2014

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен имараттар, құрылыстық материалдар мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттар құрылысын ұймдастыру.

ҚР ҚН РК 1.03-12-2011 Электрмен дәнекерлеу және газжалынды жұмыстарды атқару кезінде қауіпсіздік техникасы ережелері.

ҚР ҚН 2.03-01-2011 Өңделетін аймақтарда және шөгінді топырақтардағы ғимараттар мен имараттар.

ҚР ҚН 3.02-36-2006 Ғимараттар мен имараттардың жерасты бөліктерінің гидрооқшаулауын жобалау.

ҚР ҚН 4.02-11-2003 Мырышталған жіңішке табақшалы болаттан жасалған шиыршықталып оралған қаптамадағы көбікполиуретаннан индустриалды жылуоқшауланған құбырлардан жылу желілерін жобалау және жинақтау нұсқаулығы.

ҚР ҚН 4.02-02-2011 Жабдықтар мен құбыр жолдарын жылумен оқшаулау.

ҚР ҚН 5.03-36-2005 Құрама темірбетон құралымдар мен бұйымдар өндірісі.

ҚР ҚН 5.03-37-2005 Көтергіш және қоршау құралымдар.

ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 Еурокод 7. Геотехникалық жобалау. 2 бөлім. Топырақты зерттеу және сынау.

ҚР ЕЖ 4.02-17-2005 Жылу пункттерін жобалау.

ҚР ЕЖ 4.02-04-2003 Жылу желілері. Индустриалды өндірілген көбікполиуретанды оқшаулауы бар каналсыз тартылатын болат құбырларды жобалау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 5.01-105-2013 Тығыздалған қазандықтардағы іргетастар.

ҚР ҚНжЕ 1.02-18-2004 Құрылысқа арналған инженерлік ізденістер.

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ҚНжЕ 2.01-19-2004 Тоттанудан құрылыстық құралымдарды қорғау.

ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс.

ҚР ҚНжЕ 2.04-10-2004 Оқшау және әрлеу жабындар.

ҚР СТ 1225-2003 Асфальтты-бетонды жол, аэродром қоспалары асфальтобетон.

Ескертпе – Осы ережелерді пайдалану кезінде сілтемелі нормативтік құжаттардың және сыныптауыштардың жыл сайын жарық көретін «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» атты ақпараттық анықтамалық бойынша ағымдағы жылғы жағдайға байланысты және ай сайын басылып шығатын, осы жылғы тиісті ақпараттық анықтамалық бойынша тексерген абзал. Егер сілтемелі құжат алмастырылса (өзгертілсе), онда осы нормаларды пайдаланған кезде алмастырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелі нормативтік-техникалық құжат алмастырусыз тізімнен алып тасталынса, онда сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Осы ережелер жинағында 2 бөлімде көрсетілген нормативтік құжаттамаларда келтірілген терминдер мен анықтамалар және келесі терминдер анықтамаларына сәйкес қолданылады:

3.1.1 Апатты сулар: Жылу желілері жүйелерінің, сонымен бірге бірге тартылған ыстық және суық су жүйелерінің авариясы немесе зақымдалуы нәтижесінде пайда болатын сулар.

3.1.2 Су сақтағыш көкжиек: Жер бетінен төмен бірінші су сақтағыш қабаттың үстінгі жазықтығы;

3.1.3 Су сақтағыш қыртыс: Құрамында жерасты сулары бар және екі су өткізбейтін қабат арасында орналасқан немесе су өткізбейтін қабаттың үстіндегі топырақтың қалың қабаты (су өтпейтін қабат);

3.1.4 Топырақ сулары биік орналасқан аймақ: Топырақ суларының жер бетінен барынша жоғары орналасу тереңдігі 0,4-1,0м құрайтын аймақ.

3.1.5 Жетілдірілмеген құрғатушы: Су өткізбейтін қабаттан жоғары су сақтағыш қабатта тартылған түтікті құрғатушы.

3.1.6 Қыртысты құрғатқыш: Су сақтағыш топырақта жылу желілерінің табанында орналастырылатын және түтікті құрғатушымен гидравликалық байланысқан құрғатқыш;

3.1.7 Ілеспе құрғатқыш: Жылу желілерінің бүкіл трассасының бойымен орналастырылатын құрғатқыш;

3.1.8 Құрама темірбетон құралымдардың қосылған учаскелерін бетондау: Құрама темірбетон элементтердің бекіткіш бөлшектерін электрденекерлеумен қосылған учаскелерін тиісті гидроокшаулаған соң, бетонмен бекіту;

3.1.9 Кездейсоқ сулар: Аймақтарды су басудан, нормадан тыс атмосфералық жауын-шашынның түсуінен, кәріздердің, су өткізу каналдардың жарылуынан, суармалы судың жылыстауынан пайда болатын жылу желілерінің каналдарына тұрақсыз (кездейсоқ) енетін сулар.

3.1.10 Қысылған жағдай: Жылу желілерін орналастыру бойынша жұмыстар жақын орналасқан ғимараттарға, имараттар мен инженерлік коммуникацияларға кері әсерін тигізетін жағдайлар, және олардың белгілі шектеулерді сақтай отырып орындалуы қажет етіледі;

3.1.11 Жетілдірілген құрғатушы: Су өткізбейтін қабат бетімен тартылған түтікті құрғатушы.

3.1.12 Түтікті құрғатушы: Топырақ суларын жинап бұруға арналған жерасты жасанды суағар;

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Жылу желілерінің құрамы, сұлбасы, трассасы, жылу тасымалдағыштың сапасы, температурасы және шығысы, гидравликалық режимдер, құбыр желілерінің құралымдары, құрылыстық құралымдар, тоттанудан құбыр желілерін қорғау, сонымен бірге электрмен жабдықтау және жылу желілерін басқару жүйесі ХҚН 4.02-02 талаптарына сәйкес болу керек.

4.2 Сенімділігін, қауіпсіз пайдаланылуын және энергияны үнемдеудің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге арналған жылу желілерінің құбырларын жылуокшаулауды жобалау және орналастыру ҚР ҚН 4.02-02, ХҚН 4.02-03 және ХҚН 4.02-02 талаптарына, сонымен бірге ХЕЖ 4.02-102 ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР ЕЖ 4.02-109-2014

4.3 Жылу желілерінің құрылыс құралымдарының және құбыр желілерінің гидрооқшаулауын орнату типі, құрылымы және тәсілдері ҚР ҚН 3.02-36 және ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 талаптарына сәйкес болу керек.

4.4 Жылу желілерінің жылу пункттерін жобалау және құрылысын салу ХҚН 4.02-02 талаптарын және ҚР ЕЖ 4.02-17 ережелерін ескере отырып атқарылады.

4.5 Жылу желілерінің құбырларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар «Бу мен ыстық су құбыр желілерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес орындалу керек.

4.6 Жылу желілерін тартқан кездегі жер жұмыстары ҚНЖЕ 3.02.01 және ҚНЖЕ 3.05.03 талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады

4.7 Жылу желілерінің құбыр желілерін және құрылыстық құралымдарын жинақтау ҚНЖЕ 3.05.03-85 және ҚР ҚН 5.03-37 талаптарына сәйкес атқарылады. Құрама темірбетон құралымдары мен жылу желілерінің бұйымдары ҚР ҚН 5.03-36-2005 талаптарын ескере отырып жасалады.

4.8 Жылу желілерін тарту кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар ҚР ҚНЖЕ 1.03-05 ережелеріне сәйкес орындалу керек. Электрмен дәнекерлеу және газжалынды жұмыстарды орындау кезінде ҚР ҚН 1.03-12 ережелерінде көзделген қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау керек.

4.9 Жылу желілерін тартқан кезде өрт қауіпсіздігі шаралары «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» ТР қағидаларына сәйкес атқарылуы керек, ал нысандардың өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған, және олардың құрылысын салуға, кеңейтуге, қайта құралымдауға қолданылатын материалдар мен бұйымдар қауіпсіздігі бойынша шаралар «Ғимараттар мен имараттар, құрылыстық материалдар мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» ТР ережелеріне сәйкес орындалу керек.

4.10 Топырақ суларының деңгейі биік орналасқан аймақтарда жылу желілерін тарту бойынша құрылыстық жұмыстарды ұйымдастыру ҚР ҚН 1.03-00 талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

5 ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1 Жылу желілерін тарту тәсілдері және оларды қолдану жағдайлары

5.1.1 Қалалық жылу желілерін орналастыру кезінде келесі тарту тәсілдері қолданылады:

- жерүсті (ауамен);
- жартылай тереңдетілген;
- жерасты.

5.1.2 Жерүсті (ауамен) жылу желілерін тарту тәсілі аласа немесе биік, әдеттегідей, құрама темірбетон тіреулерде құбыр желілерін жер үстімен орналастыруды қарастырады. Қысылған жағдайда және тиісті негіздемесі болғанда, қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ете отырып, ғимараттардың сыртқы қабырғалары бойымен кронштейндерде тартуға рұқсат етіледі.

5.1.3 Жылу желілерін жер астымен тартқан жағдайда, топырақ суларының құбыр

желілері мен құрылыстық құралымдарға әсері толығымен жоққа шығарылады. Аталған тәсілдің жартылай тереңдетілген және жерасты құбыр тартуға қарағанда мынадай артықшылықтары бар:

- бағасының төмендігі;
- жер жұмыстарының аз көлемі;
- құрғатқыш жүйенің болмауы;
- қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына қолжетімділігі;
- су басу мүмкіндігінің болмауы.

5.1.4 Жылу желілерінің жер үстімен тартылуы көбінесе, құрылысқа арналмаған аймақтарда қолданылады. Мұндай аймақтарда, әдеттегідей, желілерді аласа тіреулерде тарту қолданылады. Техника-экономикалық негіздемесі жеткілікті болған жағдайда, сонымен бірге мүдделі жеке және заңды тұлғалармен келісілген жағдайда, биік тіреулерде жер үстімен жылу желілерін тартуға рұқсат беріледі.

5.1.5 Жылу желілерін жер үстімен балалардың және мүмкіндігі шектеулі адамдардың уақытша немесе үнемі жүретін жерлермен, атап айтқанда, денсаулық сақтау нысандары (аурухана, емхана, амбулатория, профилакторий, шипажай және т.б.), мектепке дейінгі балалар тәрбиесі нысандары, білім беру нысандары, мәдени-сауықтыру мекемелерінің, саябақ аумақтарының, спорттық имараттар, қарттар, мүгедектер үйлерінің аумағымен тарту рұқсат етілмейді.

Жылу желілерінің қауіпсіз пайдаланылуына нақты қауіпі бар апатты, ескі ғимараттар мен имараттарға, жанатын материалдар мен улы заттар қоймаларына, өзендерге, суаттарға және өзге нысандарға жақын жер үстімен жылу желілерін тартуға тыйым салынады.

5.1.6 Жылу желілерін жартылай тереңдетіп тартқан кезде құрылыстық құралымдарының үстінгі бөлігі жер бетінен белгілі биіктікке шығып тұрады. Желілердің құрылыстық құралымдарының топыраққа бекітілу тереңдігі, аталған тарту тәсілі бойынша, құралымдардың табаны топырақ суларының барынша көп деңгейінен жоғары орналасатындай жағдайда қабылданады. Тәсіл желілердің құбырлары мен құрылыстық құралымдарына топырақ суларының әсер ету қаупін төмендетеді.

5.1.7 Жылу желілерін жартылай тереңдетіп тарту тәсілі жер үстімен тарту мүмкіндігі болмаған жағдайда, және жер бетіне шығып тұрған құрылыс құралымдарының үстінгі жағы қалалық аймақтардың функционалдық мақсаттарына кедергі болмайтындай және тұрғындар қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтіндей жағдайда қолданылады.

5.1.8 Жартылай тереңдетіліп тартылған жылу желілерін пайдалану тиісті техника-экономикалық негіздемені, сонымен бірге мүдделі жеке және заңды тұлғалармен келісілуін қажет етеді.

5.1.9 Жылу желілерін жерасты тарту арқылы құбыр желілері мен құрылыстық құралымдарын топырақ қыртысына толық тереңдетілуі қарастырылған. Желілерді жерасты тарту каналдық және каналсыз болып бөлінеді.

5.1.10 Каналсыз жер астымен тарту каналдық тартумен салыстырғанда үнемді жылу желілерін тарту тәсілі болып саналады, және пайдалануды қамтамасыз ететін басымдықтарға ие болады. Әдеттегідей, бұл тәсілді қолдану арқылы мыналарға қол жеткізіледі:

ҚР ЕЖ 4.02-109-2014

- жер және құрылыстық-жинақтау жұмыстары көлемінің азаюы;
- құрама темірбетон құралымдарды пайдаланудан бас тарту;
- жұмсалған еңбек көлемінің және жұмыс мерзімінің азаюы;
- еңбек өнімділігінің артуы.

5.1.11 Жерасты каналсыз жылу желілерін тарту бөлек және бірлесіп орындалуы мүмкін. Каналсыз тарту көбінесе диаметрі 400 мм аспайтын жылу желілері үшін арналған.

Бөлек тартылған жағдайда жылу желілерінің құбырлары жанында өзге коммуникацияларсыз орнатылады. Бірлесіп тарту дегеніміз - құрамында жылу құбырларынан бөлек басқа коммуникациялары да бар көп құбырлы тарту.

5.1.12 Бірлесіп каналсыз құбырларды ортақ орда тартқан жағдайда олардың саны 10-12-ге дейін жетуі мүмкін. Жылу желілерін ыстық және суық сумен қамтамасыз ету құбырларымен бірге тартылады. Бөлек тәсілмен салыстырған бірлескен тартуды қолдану желілерді орналастыру бағасының төмендетілуін (до 15%), жер жұмыстары көлемінің қысқартылуын (25-30% дейін), және құрылыс мерзімінің қысқаруын (1,2-1,4 есе) қамтамасыз етеді.

5.1.13 Топырақ сулары биік орналасқан аймақтарда жылу желілерін жерасты каналсыз тартылғандағы қауіпсіз пайдалану үшін құбырлар мен материалдардың ұзақ мерзімді индустриалды құралымдарын пайдалану керек, сонымен бірге желілерді орналастыру бойынша барлық жұмыс түрлерінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар МЕМСТ 30732 талаптарына сәйкес келетін индустриалды өндірілген көбікполиуретанды окшаулаулы болат құбырларды басымдырақ қолданған дұрыс. Аталған құбырларды магистральды және иіндік құбыр желілеріне қолдану мүмкіндігі жоқ болса, шартәрізді графиті бар беріктігі жоғары шойыннан жасалған шойын құбырларын қолдануға рұқсат етіледі, ал аулалық желілердің (су температурасы 115° С және төмен) қысымы 1,6 МПа құбыр желілеріне металл емес құбырларды, соның ішінде металлполимерлі, асбестцементті, керамикалық немесе шыны құбырларды қолдануға рұқсат етіледі[3].

5.1.14 Жылу желілерінің жерасты каналдық тарту өтпейтін каналдарда және өтпелі жерасты имараттарда (тоннельдерде, коллекторларда, техникалық жертөлелерде) тарту болып бөлінеді. Өтпелі жерасты имараттарға биіктігі 1,8м және одан жоғары имараттар жатқызылады. Каналдық тарту бөлек және бірлескен болып орындалады.

5.1.15 Жерасты каналдарды жылу желілерін су құбырларымен, қысымы 1,6МПа дейінгі сығымдалған ауа құбырларымен, мазут құбырларымен және байланыс кабельдерімен, тоннельдерде - тек қана диаметрі 500 мм дейінгі су құбырларымен, байланыс кабельдерімен, кернеуі 10 кВ қуат кабельдерімен, қысымы 1,6МПа дейінгі сығымдалған ауа құбырларымен және арынды канализация құбырларымен бірге тартылады.

5.1.16 Жылу желілерін жерасты канал арқылы тарту қомақты қаржының, бетон мен арматураның жұмсалуын талап етеді, сонымен бірге құрылыстың ұзақ мерзімге созылуын және жұмсалатын еңбектің үлкен ауқымымен сипатталады. Каналдық құрылыстың екі типінің көрсеткіштерін салыстыра отырып, өтпейтін каналдарда жылу желілерін тарту қолайлы болып табылады.

5.1.17 Жылу желілерін канал арқылы тарту, оны каналсыз тартумен салыстырғанда

төмендегіні қамтамасыз етеді:

- құбыр желілерін техникалық және жөндеу жұмыстары бойынша қызмет көрсету мүмкіндігі;

- құбырларды оқшаулау қаптамаларына және құралымдарына механикалық әсердің жоқтығы;

- құбыраралық кеңістіктің желдетілуі;

- жылу желілерін пайдалану ұзақтығы.

Тізбектелген факторлар бойынша каналдық құрылыстың екі типінің арасынан жылу желілерін өтпелі жерасты имараттарда тарту типі қолайлы болып табылады.

5.1.18 Жылу желілері жерасты каналдық тартылған жағдайда құрылыстық құралымдарына түсетін есептік жүктемелерді, элементтер номенклатурасын, материалдар шығынын, геометриялық параметрлерді, және элементтерді орнату және орналастыру сұлбаларын қолданыстағы типтік серия бойынша қабылдауға рұқсат етіледі[4].

5.1.19 Топырақ сулары жер бетіне жақын орналасқан аймақтарда жылу желілерін жобалау жыне құрылысын салу кезінде басымды техникалық мақсаттың бірі оқшаулау құралымдарына және жылу желілерінің сыртқы бетіне топырақ суларының енуін мүлдем болдырмауды қамтамасыз ету болып табылады, ол келесі негізгі шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

- құбыр желілерінің құрылысын салу аумағында топырақтарды құрғата отырып топырақ суларының деңгейін төмендету;

- жылу желілерінің прогрессивті гидрооқшаулау, жылуоқшаулау және тоттануға қарсы жабындарын және оларды орнатудың сенімді тәсілдерін қолдану;

- құрылыс аймағында топырақ суларының өзгеру сипатына байланысты трассаны оңтайлы құру, жылу желілерінің құрылысын салу, тәсілдерін таңдау және ұтымды кезектестіре қолдану.

Аталған шараларды бөліп немесе бірлестіріп жүзеге асыру жылу желілерінің құрылысын салу аймақтарының жіті және жан-жақты инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық деректерін зерттеу негізінде жүзеге асырылады.

5.1.20 Жылу желілерінің трассаларының бойымен жерасты суларының деңгейін түсіру ілеспе құрғатқышты орнату және пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

5.1.21 Жылу желілері каналдарының трассалары жер беті суларының кедергісіз ағуын қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып белгіленеді. Жер беті суларын жылу желілерінің құрылысын салу барысында да пайдалану барысында да үнемі қолданыстағы нөсерлі жүйе арқылы немесе желілерді орналасқан аумағының сыртына жайғастырылған жер бетімен суды бұру қажет.

5.1.22 Жылу желілерін топырақ сулары биік орналасқан аймақтарда тиімді орналастыру нұсқаларыны есебінде мыналар қабылданады:

- 5.1.13 т. көрсетілгендей құбырлар мен материалдардың индустриалды ұзақ мерзімді құралымдарын қолдана отырып, каналсыз жерасты тарту;

- 5.1.9-5.1.18 тт. ережелерін ескере отырып, ілеспе құрғатқышпен жерасты (каналмен және каналсыз) тарту;

- 5.1.6-5.1.8 тт. ережелерін ескере отырып, жырттылай тереңдетілген каналдарда тарту;

- 5.1.2-.5.1.5. тт. ережелерін ескере отырып, жерүсті (ауамен) тарту.

5.1.23 Топырақ сулары биік орналасқан аймақтарда жылу желілерін жобалау және құрылысын салу кезінде оған қоса мыналар қажет:

а) жоғары техникалық және пайдалану сипаттарыны ие, үнемі қызмет көрсетуді талап етпейтін және жылу құбырларынан судын шығынын болдырмайтын, алуан түрлі прогрессивті сальфонды білікті компенсаторларды пайдалану;

б) жылу құбырларында сонымен бірге орталық және жеке жылу пункттеріндегі кірмелерде болат арматураны қолдану;

в) диаметрі 100 мм дейінгі жылу желілерінде секцияландырылатын бекіткіштерді 1500 м қашықтықта орнату.

г) желілерде камералардың минимальды санын орналастыру;

д) ұзындығы 30 м дейінгі және диаметрі 50 м аспайтын жекелеген ғимараттарға апаратын тарамдарда бекіткіш арматураны орнатпау, сонымен бірге қажет болған жағдайда желіден ғимараттар тобын бір мезгілде ажырату (өшіру) мүмкіндігіне қол жеткізу.

«а» көрінісінде көрсетілген компенсаторлар қорғаныс қаптамалармен жабдықталған және көбінесе камераларды орналастырусыз жерасты каналсыз тартылған жылу желілерінде орнатылады, ол өз кезегінде жылу желілерінің бағасының төмендеуіне және пайдалану сенімділігінің артуына жетелейді.

«г» көрінісінде көрсетілген жылу желілеріндегі камералардың минимизациясына келесі жағдайда қол жеткізуге болады:

- арматура мен компенсаторларды оңтайлы орналастыру;

- камералардың өлшемдерін оңтайландыру және бір камераға бірнеше тұтынушыны қосу арқылы.

5.2 Жартылай тереңдетілген каналдарда жылу желілерін жобалау және құрылысын салу ережелері

5.2.1 Жартылай тереңдетілген каналдарда жылу желілерін жобалау және құрылысын салу құрамына келесі негізгі жұмыс түрлерін орындау кіреді:

а) қазаншұңқырдың канал астына өңделіп, дайындалуы;

б) каналдың құрылыстық құралымдары үшін дайындықты орналастыру;

в) құбыр желілерін жинақтау (және қиыстыру кезіндегі өзге коммуникацияларды);

г) жабын тақталарын жинақтау;

ж) қазаншұңқыр ойықтарын қайта көму.

Аталған жұмыстардан бөлек жылу желілерінің жобасында дәнекерлеу, жылуоқшаулау, гидрооқшаулау, тоттануға қарсы және өзге қажетті жұмыс түрлері қарастырылады.

5.2.2 Жартылай тереңдетілген каналдарда жылу желілерінің құрылысын салу кезінде, олардың негізгі құрылыстық құралымдары болып құрама темірбетон науалы элементтер мен тікбұрышты жабын тақталар қызмет атқарады.

Жабын тақталар каналдар мен жылу камераларын жабуға арналған. Науалы элементтер мен жабын тақталар құбыр желілерін және олардың оқшаулау қаптамаларын

бұзылудан, топырақтың түсуінен және топырақ суларының енуінен қорғап, герметикалығын қамтамасыз етеді.

5.2.3 Жайғастырылған жер бетінен жартылай тереңдетілген каналдардың үстінге бетінің оқшаю биіктігі 400 мм аспайтындай етіп қабылданады.

5.2.4 Жылу желілерінің бөлек тартылу жағдайында каналдар бір секциялы (бір қатарлы) болып жобаланады және тұрғызылады, ал бірлескен тарту жағдайында – екі немесе көп секциялы (екі немесе көп қатарлы). Көп секциялы каналдар қатар (параллельді) орнатылатын каналдардан құрылады.

5.2.5 Екі және көп секциялы каналдар ені 100мм науалы элементтері арасындағы саңылаулармен орнатылады. Саңылаулар бір қалыпты нығыздала отырып құммен толтырылады.

5.2.6 Жылу желілерінің жабын тақталары үш қабатты жылылатылған болып дайындалады. Жылытқыш орнына тығыздығы 500 кг/м^3 және сығылуға төзімділік сыныбы В 1,5 көбікбетон ішпектер пайдаланылады.

5.2.7 Жартылай тереңдетілген каналдардың жабын тақталары науалы элементтерге орнатылады да бекіткіш бөлшектер арқылы олармен электрдәнекерлеумен қосылады. Сонымен бірге жабын тақталар науалы элементтердің қабырғаларының бүйір беттеріне алдын ала төселген қалыңдығы 10 мм цемент ерітіндісінің қабатына төселеді. Құрылыстық ерітіндінің маркасы 50-ден төмен болмау керек.

5.2.8 Жартылай тереңдетілген каналдардың жабындарын жаяу жүргіншілер жолы есебінде пайдалануға рұқсат етіледі. Сонымен қатар жабын тақталар қалыңдығы 20-40 мм асфальтбетон қабатымен жабылады. Асфальтбетон қоспасының түрі, құрамы және маркасы ҚР СТ 1225 талаптарына сәйкес қабылданады.

5.2.9 Каналдардың науалы элементтерін жинақтау тұтасқұймалы темірбетон дайындық үстінен атқарылады. Темірбетон дайындығының сығылу беріктігі В7,5 сыныптық бетоннан 100 мм қалыңдыққа жасалады. Дайындықты шегендеу шеткі учаскелерінде ұзындық бойымен торларды төсеу арқылы жүзеге асырылады.

Топырақ суларының барынша жоғары деңгейі канал табанынан 0,2м кем емес қашықтықта орналасқан жағдайда, темірбетон дайындықтың орнына қалыңдығы 100 мм құмды нығыздалған дайындықты орналастыруға рұқсат беріледі.

5.2.10 Топырақ суларының адуынды әсерінің қаупі бар жағдайда, каналдардың науалы элементтерінің астындағы темірбетон дайындық су сіңіру бойынша маркасы W-6-дан төмен емес, қазаншұңқыр түбіне нығыздалған және битуммен толық қанықтырылған жоғары тығыздықты бетоннан немесе қиыршықтастан орындалады. Нығыздалған қиыршықтасты дайындықтың қалыңдығы 100 мм кем болмау керек.

5.2.11 Дайындықты орналастыру кезіндегі қиыршықтасты нығыздауды тығыздау машиналарымен немесе 0,5-1,5 м биіктіктен тасталатын, салмағы 20кН дейінгі құлайтын таптағыштармен атқару керек. Қиыршықтас ҚР ЕЖ 5.01-105 ережелеріне сәйкес, бір жерден бірнеше соққы беру арқылы порция-порциямен нығыздалады.

5.2.12 Кезікпе суларды бұру үшін каналдар 0,002 кем емес бойлық еңісімен орындалады. Суларды бұру камераларда орналастырылатын ойшықтарға жүзеге асырылады, каналдардың кеңейтілген жерлерінде немесе трассаның желілік учаскелерінде. Ойшықтар 150 м аспайтын қашықтықтарда орналастырылады.

Ойшықтардағы су кәріздік жүйеге сорғылармен сору арқылы бұрылады немесе құрылыс аумағынан тыс ең төмен жерлерге өздігінен ағызылады.

5.2.13 Жылу желілерінің еңістері ғимараттан жақын орналасқан камераларға немесе трассаның төмендетілген нүктелеріне дейін қарастырылған.

5.2.14 Каналдардың науалы элементтерін жинақтау дайындықты орналастырудан кейін, оның жинақталатын құралымдардан түсетін жүктемені қабылдау дайындығын тексеруден кейін, сонымен қатар дайындық белгілері мен еңістерінің жобаға сәйкестігін инструменталды тексеруден кейін атқарылады.

5.2.15 Каналдардың науалы элементтерін көтеру кезіндегі строптау монтаждық ілмектер мен қапсырмалар арқылы жүзеге асырылады, біліктері элементтердің қабырғаларындағы арнайы тесіктерден өткізіледі.

5.2.16 Жылу желілерінің құбырлары тіреу жастықтары мен болат арқалықтарға сүйенеді. Құбыр желілерін, кабельдерді және басқа коммуникацияларды бекіту науалы элементтердің бекіткіш бөлшектері арқылы жүзеге асырылады.

5.2.17 Каналдардың жабын тақталарын жинақтау, әдетте, қысқашты фрикциялық қапсырмаларды қолдана отырып, ілмексіз тәсілмен атқарылады. Кассеталық технологиямен дайындалатын жабын тақталарда арнайы монтаждық тесіктерді қарастыруға рұқсат етілген, ал «жалпасынан» дайындалатын жабын тақталарында строптауға тиісті ілмектерді орнатуға рұқсат етіледі.

5.2.18 Жылу желілерінің жартылай тереңдетілген каналдары деформациялық жіктерімен бірге орналастырылады, арақашықтығы 30 м аспайтындай қабылданады. Сонымен бірге деформациялық жіктер міндетті түрде каналдардың камераларға түйіскен жерлерінде және табан топырақтарының көтергіш қабілеті күрт өзгерген каналдар шекараларында орналастырылады. Деформациялық жіктің ені 30мм тең болып қабылданады.

5.2.19 Каналдардың құрама элементтерінің арасындағы жіктер мен ондағы строптау тесіктері 50 маркалы цемент ерітіндісімен бекітіледі. Деформациялық жік жерлеріндегі элементтердің жапсарлары битум мастикасымен толтырылады. Каналдардың жабын тақталарының арасындағы жіктер толтырғышы бар, ҚНЖЕ 2.04-10 ережелеріне сәйкес жасалатын битум мастикасымен толтырылады.

5.2.20 Каналдардың ішкі беттері гидрооқшаулағыш жабынмен қорғалады. Гидрооқшаулаудың типін, қалыңдығын және қабат санын таңдау, сонымен қатар орналастыру тәсілдерін таңдау ҚР ҚН 3.02-36 және ҚР ҚНЖЕ 2.01-19 талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Көбінесе жағылатын битумдық гидрооқшаулау қолданылады.

5.2.21 Тұрғын немесе қоғамдық ғимараттарға жылу желілерінің кірген орындары каналдардан жылу нүктелеріне, техникалық төлелерге, жертөлелер мен тоннельдерге кездейсоқ және апатты сулардың өтуіне кедергі болатын гидрооқшаулаумен қорғалады.

5.2.22 Каналдардың құрылыстық құралымдарының байланыстыру болат элементтері тоттануға қарсы жабынмен қорғалады. Жабынның түрін, материалын, қалыңдығын және қаптау тәсілін таңдау ҚР ҚНЖЕ 2.01-19 талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Көбінесе битумнан, битумды-полимерлі немесе битумды-резеңкелі жабынды күшейтілген оқшау қолданылады.

5.2.23 Каналдардың болат элементтерінің дәнекерленген жинақтау жіктерінің

тоттануға қарсы қорғанысы ереже бойынша дәнекерлеуден кейін атқарылады. Монтажға дейін монтаждық дәнекерлеудің орнын битумдық тегістегіштермен бір қабат тегістеуді қарастыру керек. Құрама темірбетон құралымдардың болат элементтерінің байланысатын жерлері оқшауланған соң, бетондалу керек.

5.2.24 Диаметрі 300 мм және одан кіші жылу желілерін техникалық төлелерде, дәліздерде, ғимараттар туннельдерінде салған кезде, астындағы топырақ сулары деңгейінің төмендеуін локальды құрғатқыштарды орнату арқылы (айналмалы және желілік) қамтамасыз ету керек. Сонымен бірге айналма құрғатқыштар жинақы ғимараттар үшін, ал желілік құрғатқыштар жоспардағы пішіні созылған ғимараттар үшін орнатылады [5].

5.2.25 Жылу желілері қазаншұңқырының қуыстарын қайта көму жабын тақталарын жинақтаған соң, және каналдар қабырғаларына гидрооқшаулау қаптамасын жаққан соң атқарылады. Топырақ каналдың қарама-қарсы жақтарынан бір мезгілде, қабат-қабатымен бір қалыпты тығыздалып ҚНЖЕ 3.02.01 ережелеріне сәйкес көміледі.

5.2.26 Қазаншұңқырлардың қуыстарын қайта көму материалының орнына қажет болған жағдайда тығыздығы 800 кг/м^3 қожды пайдалануға рұқсат етіледі. Тақталар шетінен қазаншұңқыр шетіне дейінгі қазаншұңқыр қуысының үстінгі бөлігі асфальтбетон қабатын көлбеу төсеу арқылы орналастырылады.

5.3 Ілеспе құрғатқышы бар жылу желілерін жобалау және тарту ережелері

5.3.1 Топырақ суларының деңгейі жоғары аймақтарда (жылу желілерін топырақ суларының ең жоғарғы деңгейінен төмен тартылғанда) жылу желілері трассаларының топырақтарын құрғату үшін ілеспе көлденең құрғатқышты орналастырған жөн, оның құрамында түтікшелі құрғатушымен гидравликалық байланысқан қыртысты құрғатқыш бар [6].

Қыртысты құрғатқыштарды жобалаған және орналастырған кезде, оның құралымын, материалдарын және параметрлерін қолданыстағы типтік серияға [7] сәйкес және DIN 4095-1990 [8] талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.3.2 Жылу желілерін орналастыру кезінде оның ілеспе құрғатқышының есебі мен жобалануы келесі деректерді есқуере отырып, жүзеге асырылады:

- топырақтардың физикалық сипаттамалары (гранулалық-метрикалық құрамы, тығыздығы, ылғалдылығы, кеуектілігі, сусымалылық көрсеткіштері, илемділік саны);
- топырақ суларының тұру деңгейі, тербеліс пен қозғалыс бағыты;
- топырақтарды сүзгілеу еселеуіші (коэффициенттері);
- топырақ суларының химиялық құрамы;
- топырақтарда және топырақ суларында құбыр желілері мен құрылыстық құралымдар материалдарына агрессиялы заттардың болуы.

Аталған деректер жылу желілерін тарту аумағында орындалатын инженерлік-геологиялық ізденістердің қорытындылары туралы есебінде ҚР ҚНЖЕ 1.02-18-2004 ережелеріне сәйкес қарастырылу керек. Сонымен бірге инженерлік-геологиялық ізденістер нәтижелері жылу желілерінің құрылыстық құралымдарының орналасу тереңдігінен кем емес тереңдіктегі топырақтар мен топырақ суларын сипаттау керек.

ҚР ЕЖ 4.02-109-2014

5.3.3 Жылу желілерін тарту аумағындағы топырақтардың физикалық сипаттамалары МЕМСТ 12248 талаптарына сәйкес анықталады. Топырақтардың физикалық сипаттамаларын зертханалық анықтау барысында, үлгілер сапасының сыныбын және оларды таңдау әдісінің санатын ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 (3 тарау, 3.4.1т.) талаптарына сәйкес таңдауға рұқсат етіледі.

Топырақ сулары жылу желілерінің бетон, темірбетон және металл құралымдарына және элементтеріне агрессиялы әсер ету дәрежесі ҚР ҚНЖЕ 2.01-19 талаптарына сәйкес белгіленеді.

5.3.4 Төселетін топырақтардың ерекшеліктеріне, жылу желісінің еніне және топырақ суларының түсіміне байланысты қыртысты құрғатқыш бір қабат немесе екі қабат етіп орналастырылуы мүмкін.

Бір қабат құрғатқышты малтатасты және ірі құмдарда, сонымен бірге түйіршіктер диаметрі 0,3-0,4 мм және одан ірі орташа ірілікті құмдарда орналастыруға рұқсат етіледі. Екі қабат құрғатқыш құмдақта, майда, тозаңды және, түйіршіктер диаметрі көрсетілгендерден кіші орташа ірілікті құмдарда, сонымен бірге сусақтағыш қыртыстың құрылысы көпқабатты болған жағдайда орналастырылады.

5.3.5 Бір қабатты қыртысты құрғатқыш малтатастан (қиыршықтастан) жасалады, екі қабаттысы – малтатастан және құмнан. Бір қабатты құрғатқышта малтатасты қабат 300 мм кем емес қалыңдықта орналастырылады. Екі қабат құрғатқышта малтатасты қабат 150 мм кем болмайтындай қабылданады, ал құмды қабат -100 мм кем емес болу керек. Қыртысты құрғатқышты орналастыру үшін фракциялардың ірілігі 3-20мм (әртектілік коэффициенті 5-тен кем емес кезде) малтатас және орташа ірілікті құм пайдаланылады.

5.3.6 Екі қабат қыртысты құрғатқышты орналастыру кезінде құмды қабат тиісті геотекстиль мембранамен алмастырылуы мүмкін. Мұндай мембраналарды жұмыс атқару жағдайына, техникалық сипаттамаларына және жылу желілерін тарту аумағының инженерлік-геологиялық жағдайына байланысты жүзеге асырылады. Мүмкіндік болған жағдайда қыртысты құрғатқыш материалының қызметін үшөлшемдік құрғатқышты пластикалық негізден және сүзгілеу мембранасынан (геосүзгі) тұратын геокомпозит атқарады [9].

5.3.7 Қыртысты құрғатқыш пен түтік құрғатушыны болмашы ған көлденең еңіспен орналастырған тиімді, ол құрылыстық жұмыстар көлемінің және шығынының азаюына жетелейді. Сонымен бірге қабылданған еңіс құрғатқыш құбырларының лайлануына және топырақтардың шайылуына жол бермейтін жылдамдықпен сулардың өздігінен ағып кетуін қамтамасыз етуі керек.

Жылу желілерінің қыртысты құрғатқышының минимальды еңісі 0,005-тен 0,01-ге дейінгі аралықта қабылданады. Қыртысты құрғатқыштың ең жоғарғы еңісі гидравликалық есеп негізінде анықталады.

Түтікті құрғатушының ең төменгі еңісі құмды топырақтарда 0,003 тең қабылданады, ал сазды топырақтарда -0,002.

5.3.8 Ілеспе құрғатқыш құрамына кіретін түтікті құрғатушы құрғатқышты құбырдан құралған және екі қабат кері сүзгімен бірге орналастырылады. Түтікті құрғатушы жылу желісінің шеткі жазықтығынан (каналсыз тартқанда) немесе каналдан (каналмен тартқанда) кем дегенде 0,7 м қашықтықта орналасады.

5.3.9 Құрғатқыштың кері сүзгісі материалының түрі мен фракциясы арнайы таңдау әдісімен белгіленеді [9]. Топырақ суының арыны шамалы болғанда, сүзгінің бірінші қабатын майда малтатас пен қиыршықтастан, ал екінші қабатын ірілігі орташа құмнан орналастыруға болады.

Жылу желілерінің ілеспе құрғатқыштарының құрамындағы кері сүзгі қабаттарының қалыңдығы 25-30 см болып қабылданады. Біртекті және сұрыпталған материалдарды сүзгілеу құрылғысы үшін пайдаланған кезде, бұл параметрді 10-15 см дейін азайтуға рұқсат етіледі, ал әртекті материалдарды қолданғанда – 50 см дейін көбейтуге болады.

5.3.10 Түтікті құрғатушыны орналастыру үшін асбестцементті, керамикалық, шойын, бетон, темірбетон және пластмасса құбырлар, және құбыр-сүзгілер қолданылады. Құрғатқыш құбырлардың диаметрі 150мм кем болмау керек.

Құрғатқыш құбырлар келесі негізгі факторларды ескере отырып қабылданады:

- су өткізу қабілеті;
- қайта көму топыраға мен динамикалық жүктемелердің әрекетіне төзімділігі;
- агрессиялы топырақ суларына төзімділігі;
